

**БҰЙРЫҚ**

2017 ж. 19. 06

Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ 86

город Павлодар

**2017-2019 жылдарға арналған
бюджеттік бағдарламаларды
қайта бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 32-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 195 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарға, облыстық мәслихатының (VI сайланған XIV сессиясы) 2017 жылғы 15 маусымдағы «Облыстық мәслихат сессиясының (VI сайланған X сессиясы) «2017-2019 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №76/10-шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №125/14-шешіміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2017-2019 жылдарға арналған қоса берілген бюджеттік бағдарламалар қайта бекітілсін:

- 002 «Облыстық деңгейдегі спорттық жарыстарды өткізу»;
- 003 «Облыс құрама командалары мүшелерінің спорт түрлерінен республикалық және халықаралық спорттық жарыстарға даярлық жасауы және қатысуы»;
- 006 «Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру»;
- 007 «Спортта дарынды балалардың мамандандырылған білім беру ұйымдарында жалпы білім алуы»;
- 032 «Мемлекеттік ведомстволық қарасты мекемелер мен ұйымдардың нысаналы салым салуы»;
- 113 «Жергілікті бюджеттегі нысаналы ағымдағы трансферттер».

2. Павлодар облысы дене тәрбиесі және спорт басқармасы басшысының 2017 жылғы 03 сәуірдегі «2017-2019 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламаларды бекіту (қайта бекіту) туралы» №46-бұйрығының күші жойылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау 2017 жылғы 19 маусымдағы «Бюджеттік бағдарламаның басшысын бекіту туралы» № 85-бұйрығына сәйкес бюджеттік бағдарламаның басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысы

М. Айдашев



«КЕЛІСІЛДІ»
Павлодар облысы экономика
және бюджеттік жоспарлау
басқармасының басшысының м.а.
И. Назарчук
2017 жылғы « » _____



